

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «АМАНАТ»
партиясы фракциясының мүшелері
Қ. Ержанға
Ф. Қаратаевқа

2022 жылғы 11.05. №ДС-168 депутаттық сауалға

Құрметті, Құдайберген Төлепұлы,
Фахриддин Әбдінабиұлы!

Ұлытау өңіріне қатысты Сіздермен көтеріліп отырған мәселелерді қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Ұлытау өңірін дамыту бағдарламасын дайындағанда, **көші-қон бағдарламасының олқылықтарын ескеріп, жетілдіру және өңірге көшіп келушілерге және инвесторларға тартымдылығын арттыру** мақсатында өңірлерді дамытуға бағытталған **бағдарламалардың толыққанды, нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ету**, сондай-ақ, облысқа **адамдарды тұрақтандырудың бағдарламасы қажеттілігі** мәселелеріне қатысты.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысының 126-тармағына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары тиісті аумақтың ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарында белгіленген бағыттармен өзара байланыста өңірді дамытудың басым бағыттарын айқындауы, нысаналы индикаторлар көрсетіле отырып, бес жылдық кезеңнің соңына қарай аумақты дамытудың түпкілікті мақсаттарын айқындауы, күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау ескеріліп, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдерін айқындауы, игілік алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өңірдің меншікті экономикалық әлеуетін дамытуға бағдарлануы тиіс.

Осыған сәйкес Ұлытау өңірінің даму жоспары облыс әкімдігімен әзірлену барысында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, өңірдің барлық мәселелері жан-жақты сараланып талқыланатын болады.

Ұлытау өңірінің Арал экологиялық апатынан және Байқоңыр космодромының зардабын тартып отырғанын ескеріп, **арнайы бағдарлама қабылдау және бағдарламада жалақыға 20% үстем ақы, ақы төленетін демалыс уақытына 10 күн қарастыру мәселелеріне қатысты.**

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен (*бұдан әрі – Заң*) экологиялық дағдарысқа ұшыраған аймақтың шекарасы белгіленген және осы аймақта тұратын халыққа әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған.

Аталған Заңға сәйкес экологиялық қасірет аймағы деп танылған Арал өңірі Қазақстан бөлігінің құрамына Қарағанды облысының Ұлытау ауданының аумағы (*бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданының елді мекендері шекарасының шегінде*) кіріп, экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймаққа енгізілген.

Заңның 13-бабына сәйкес экологиялық қасірет аймақтарында тұратын азаматтарға экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін тұратын аймағына қарай коэффициент қолдана отырып, еңбек ақы, жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс (*еңбектің зиянды жағдайында жұмыс істегені үшін берілетін демалыстың үстіне*) белгіленеді.

Атап айтқанда, экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақта тұратын халыққа 1,2 коэффициентті қолдана отырып, еңбекке ақы, сондай-ақ 7 күнтізбелік күн жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс белгіленеді.

Осылайша, экологиялық қасірет аймағына бұрын жойылған Жезқазған облысының Жезді ауданына кірген қазіргі Ұлытау облысының Ұлытау ауданының елді мекендері енгізілген.

Елді мекендердің ара қатынасын жақсарту мақсатында **көлік жолдарын қысқа уақытта жөндеуден өткізуді қамтамасыз ету** мәселесіне қатысты.

Ұлытау ауданының автомобиль жолдарының көліктік қол жетімділігін қамтамасыз ету және туризмді дамыту мақсатында бүгінгі күні «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы (*бұдан әрі – Ұлттық жоба*) шеңберінде көзделген «Қызылорда – Жезқазған», «Жезқазған – Қарағанды» және «Жезқазған-Петропавл» республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау жобаларын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ұзындығы 427 км «Қызылорда – Жезқазған» жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау мақсатында дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Ұзындығы 513 км «Жезқазған – Қарағанды» жобасы бойынша 2021 жылдан бастап жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Жобалау жұмыстарын аяқтау мерзімі 2023 жылдың соңына дейін кезең-кезеңімен жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, «Ұлытау-Арқалық» автомобиль жолының учаскесі бойынша, учаскені реконструкциялау ұзындығы 929 км болатын «Жезқазған – Арқалық – Петропавл» жобасы шеңберінде көзделгенін хабарлаймыз. Реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстары Ұлттық жоба шеңберінде

көзделген. Бюджет қаражатының бөлінуіне қарай осы жобаны іске асыру бойынша жұмыстар басталатын болады.

Сондай-ақ, жолдардың техникалық жағдайын жақсарту мақсатында бюджет қаражаты бөлініп, жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Жөндеу жұмыстары жүргізілгенге дейін автокөліктердің қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз ету үшін жыл сайын жол жөндеу жұмыстары арқылы жолдың жай-күйі сақталады.

Облыстық және аудандық маңызы бар жолдар бойынша.

Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексіне сәйкес (2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV) 2022 жылы Қарағанды облысы бойынша облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды іске асыруға республикалық бюджеттен жалпы көлемі 18,1 млрд. теңге бөлінді.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысы әкімдігімен Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытау облысын бұрынғы Жезқазған облысының аумағында облыс орталығы Жезқазған қаласында құрудың орындылығы атап өтілген Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды бөлу жұмыстары жүргізілуде.

Ақпарат үшін: Жергілікті атқарушы органдар жергілікті жолдардың жағдайын жақсарту мақсатында жыл сайын көктемгі және күзгі тексеріп-қарау шеңберінде құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізуді талап ететін жолдардың тізбесін және жалпы өңірдің жергілікті желісінің жай-күйін айқындайды.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдар жедел іске асыруды талап ететін бірінші кезектегі жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыруға өтінімдер ұсынады.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 17 сәуірде бекітілген «Ұлытау туристік аймағына инфрақұрылымды дамыту бойынша ұйымдастыру іс шараларының жоспары» жол картасына сәйкес Қарағанды облыс әкімдігімен 2026 жылға дейін облыстық маңызы бар құрылыс, реконструкциялау және жөндеу бойынша мынадай жобаларды іске асыру көзделген:

- «Нұр-Сұлтан-Қорғалжын-Баршын-Шұбаркөл-Қызылжар» облыстық маңызы бар автожолының 0-195 км (195 км) учаскесін орташа жөндеу;
- «Ұлытау-Бозтұмсық-Малшыбай-Сәтпаев» облыстық маңызы бар автожолының 40-161 км (121 км) учаскесін орташа жөндеу;
- Алғабас ауылы мен Шұбаркөл кенті арасындағы ұзындығы 60 км облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысының әкімдігі облыстық маңызы бар «Ұлытау-Бозтұмсық-Малшыбай-Сәтпаев» (121 км) автожол учаскесін орташа жөндеу бойынша сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстарды орындады, 2022 жылдың екінші тоқсанында ведомстволық сараптама жүргізу жоспарлануда.

Жалпы Жол картасында көзделген қалған жобалар 2022 жылдан бастап кезең-кезеңімен іске асырылатын болады.

Қауіпсіз және үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы жолдардың техникалық жай-күйі автожолдарды жөндеу және күтіп ұстау шеңберінде сақталады.

Жалпы, өңірдің жоғарыда көрсетілген мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында және облыс әкімдігімен бірлесіп өңірді одан әрі орнықты дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілетіндігін атап өтемін.

Е. Тоғжанов

орын.: Д.М. Тулеуов
тел.:74-55-01
Tuleuov_DM@ukimet.kz